

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 806 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне 400000000 (төрт жүз миллион) теңге, оның ішінде:

1) "Қызылорда облысында бас су қашыртқы құрылысы бар Қараөзек тармағын қалпына келтіру" объектісінің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 11500000 (он бір миллион бес жүз мың) теңге;

2) "Қызылорда облысында бас су қашыртқы құрылысы бар Қараөзек тармағын қалпына келтіру" объектісінің құрылысын бастауға 388500000 (үш жүз сексен сегіз миллион бес жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы